

"Мұлікке салық есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 38 Нұсқауға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен бекітілді. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 902. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й қ е с

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

43. "Мұлік салығын есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 38 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 V990903_ бұйрығы.

1. Барлық мәтін бойынша:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер "Заң", "Заңың", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген мұлікке қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер мұлік салығын төлеушіге жатпайды. Жоғарыда белгіленген салық қажеттілік нормативтері мұлік бойынша осы нұсқауға сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте төленеді."

3. "Төртінші абзацта 2-тармақтың 1) тармақшасында "жермен" деген сөз "

уақытша жер пайдалану құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын."

4. 4 тармақта "занды тұлғалар" деген сөздер ", олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын.

5 . 18 тармақта :

5) тармақшада :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"5) инвестиция бойынша өкілетті органдармен келісім-шартқа сәйкес салық төлеушіге келісім-шарт жасалған сәттен бастап 5 жылға дейінгі мерзімге жер салығын төлеуден босатуға рұқсат беруі мүмкін;"

екінші және үшінші абзацтар алып тасталсын; төртінші абзацта "жобаның басымдылығы, уақыты мен ақталу шарттары" деген сөздер "негізгі капитал мен экономиканың басым секторына инвестициялар көлемі" деген сөздермен ауыстырылсын; 6 тармақша ", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесіндегі еңбекпен түзеу республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздермен толықтырылсын. 6. 2 қосымша мынадай редакцияда жазылсын: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 21 маусымдағы N 38 нұсқауына 2 қосымша Мұлікке салық жөніндегі декларация Кәсіпорын _____ бірлестік, ұйым (банк) мөртабаны _____ (банк шоттары) СТТН _____ бойынша (салық төлеушінің мекен-жайы) (төлеушінің атауы*) телефон _____

N p/c

Көрсеткіш _____

12

1 Жылдың басындағы амортизацияланған қаражаттардан қалған құн 2 Амортизацияланған қаражаттардан түскен құн 3 Амортизацияланған қаражаттардан шығып қалған құн 4 Салық жылы үшін амортизацияланған қаражаттарға есептелген, амортизацияланғандардың аударылған сомасы 5 Жылдың аяғындағы амортизацияланған қаражаттардың құны 6 Салықты есептеу кезінде алынған амортизацияланған қаражаттардан қалған орташа жылдық құн 7 Салық ставкасы 8 Салық сомасы 9 Ағымдағы төлем есебі бойынша есептелді 10 Қосып есептеуге 11 Кемітүге 12 Салық жылы үшін ағымдағы төленген төлемдер 13 Мерзім бойынша төлеуге жатады 14 Кемітүге _____

таблицаның жалғасы _____

Төлеушінің мәліметі Стандартты жеңілдіктері бар бойынша төлеушінің мәліметі бойынша _____

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі Біз осы декларацияда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шындығы үшін заң алдында жауап береміз. Басшы _____
_____ (аты-жөні) (қолы) Бас бухгалтер _____
_____ (аты-жөні) (қолы) _____ күні МО Декларация жасау бойынша қызмет көрсеткен аудитор _____ (аты-жөні, СТТН) (қолы) МО Салық органының басшысы _____
_____ (аты-жөні) (қолы) Бөлім бастығы _____ (аты-жөні) (қолы) * Занды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғаның (соның ішінде резидент емес), филиалдың, өкілдіктің атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні. Оқығандар:
Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК